

Мақат ауданы әкімдігінің кейбір қаулыларының күші жойылды деп тану туралы

Атырау облысы Мақат ауданы әкімдігінің 2021 жылғы 8 сәуірдегі № 62 қаулысы. Атырау облысының Әділет департаментінде 2021 жылғы 9 сәуірде № 4919 тіркелді

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 31, 37-баптарына, "Құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі Заңының 27-бабына сәйкес, Мақат ауданы әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Осы қаулының қосымшасына сәйкес Мақат ауданы әкімдігінің кейбір қаулыларының күші жойылды деп танылсын.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары А.Ж. Шангалаевқа жүктелсін.

3. Осы қаулы мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді, ол алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі және 2021 жылдың 1 қаңтарынан бастап туындаған құқықтық қатынастарға таратылады.

*Аудан әкімінің міндетін
уақытша атқарушы*

А. Шангалаев

Мақат ауданы әкімдігінің 2021 жылғы 8
сәуірдегі № 62 қаулысына қосымша

Мақат ауданы әкімдігінің күші жойылған кейбір қаулыларының тізбесі

1. Мақат ауданы әкімдігінің 2016 жылғы 17 маусымдағы № 113 "Азаматтық қызметшілер болып табылатын және ауылдық жерде жұмыс істейтін әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет және спорт саласындағы мамандар лауазымдарының тізбесін айқындау туралы" қаулысы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3553 болып тіркелген, 2016 жылғы 22 шілдеде Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде жарияланған).

2. Мақат ауданы әкімдігінің 2019 жылғы 13 маусымдағы № 106 "Мақат ауданының мектепке дейінгі ұйымдарындағы мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысының, ата-ана төлемақысының мөлшерін бекіту туралы" қаулысы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4422 болып тіркелген, 2019 жылғы 28 маусымда Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде жарияланған).

3. Мақат ауданы әкімдігінің 2019 жылғы 11 шілдедегі № 117 "Мақат ауданының елді мекендерінде салық салу объектісінің орналасуын ескеретін аймаққа бөлу коэффициенттерін (К айм) бекіту туралы" қаулысы (Нормативтік құқықтық актілерді

мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4450 болып тіркелген, 2019 жылғы 22 шілдеде Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде жарияланған).

4. Мақат ауданы әкімдігінің 2020 жылғы 3 желтоқсандағы № 176 "Мақат ауданы әкімдігінің 2019 жылғы 11 шілдедегі № 117 "Мақат ауданының елді мекендерінде салық салу объектісінің орналасқан жерін ескеретін аймаққа бөлу коэффициентін (К айм) бекіту туралы" қаулысына өзгерістер енгізу туралы" қаулысы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4798 болып тіркелген, 2020 жылғы 14 желтоқсанда Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде жарияланған).

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК